

«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС кәсіпорынның қызметі (даму жоспарлары) және суды тарату желілері арқылы беру және сарқынды суларды бұру қызметтеріне тарифтердің ықтимал өзгерістері
П Е Р С П Е К Т И В А Л А Р Ы

Шымкент қаласының қарқынды дамуына және жаңа тұрғын шағын аудандар мен әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілердің құрылысына байланысты қазіргі уақытта қаланы дамытудың бас жоспары бойынша ауыз сумен қамтамасыз ету және сарқынды суларды бұру мәселелерінде өткір қажеттілік туындады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті 2016 жыл 16 шілдеде №189-НҚ бұйрығы мен 11,5 млрд.теңге сомасында ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарлама бекітілді.

2020 жылда күтілетін нәтижелер:

- Халықты ауыз сумен қажетті мөлшерде және тиісті сапада тәулігіне 24 сағат үздіксіз қамтамасыз ету;
- Экология және санитария саласындағы заңнамалардың талаптарына сәйкес ағынды суларды тасымалдау және толық тазалау;
- "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының талаптары шеңберінде тұтынушылармен қарым-қатынасты барынша жақсарту»;
- Су құбыры желілерін қайта құру 16,1 км.;
- Кәріз желілерін қайта жаңарту 5,2 км.;
- Тозған сорғыларды үнемді 2 данаға ауыстыру;
- Сорғы станциясын қайта жаңарту 6 бірлік;
- Қуаты 6 кВ электр желілерін және трансформаторлық қосалқы станцияларды қалпына келтіру 1 бірлік;
- Сумен жабдықтау процестерін цифрландыруды аяқтау;
- 0,06 кВт / м3 дейінгі электр энергиясы шығысының үлестік нормасы;
- нормативтік-техникалық шығыды 15,26% дейін төмендету;
- тозу дәрежесі су құбырының 49,6% ға және канализацияның 78,7% ға дейін;

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің 2019 жылдың 16 қазанындағы №17-06-15/1486 санды хатымен келісілген «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШСінің 2019 жылдың 26 қыркүйектегі №205-П бұйрығы негізінде тұтынушыларға суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суларды бұру қызметтеріне 2020 жылдың 1 қаңтарынан 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін 1 м3 тарифі 2020 жылдың 1 қаңтарының бастап төмендегі мөлшерде бекітілді:

№	Топтар санаттары	Суды таратушы желілер арқылы беру қызметі		Сарқынды суларды бұру қызметі	
		ҚҚС-сыз	ҚҚС-мен	ҚҚС-сыз	ҚҚС-мен
1	1-топ: тұрғындар және жылумен қамтамасыз етуші кәсіпорындар	78,72	88,17	31,37	35,13
2	2-топ: мемлекеттік ұйымдар	459,13	514,23	238,27	266,86
3	3-топ: 1,2 топқа кірмейтін басқа тұтынушылар	316,07	354,0	161,14	180,48

№	Топтар санаттары	Суды таратушы желілер арқылы беру қызметі		Сарқынды суларды бұру қызметі	
		ҚҚС-сыз	ҚҚС-мен	ҚҚС-сыз	ҚҚС-мен
4	«Сайрам Тазалық» ЖШС	18,20	20,38	-	-
5	«Тасқұдық- БАҚ» ЖШС	30,17	33,79	-	-
6	Есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суларды бұру қызметіне 1 айға 1 адамға	382,90	428,85	152,58	170,89
7	Есепке алу аспаптары жоқ ыстық суды пайдаланатын тұтынушылар үшін сарқынды суларды бұру қызметіне 1 айға 1 адамға	-	-	101,09	113,22

01.01.2020 жылдан бастап "Су ресурстары-Маркетинг" ЖШС-нің сумен жабдықтау және кәріз қызметтеріне тарифтердің преискурранты.

№	Топтар санаттары	2020 жылға бекітілген	01.01.2020 жылдан қолданыста	Ауытқу %
Су беру қызметтеріне				
1	Шымкент қаласы	162,04	133,96	-17,3
	1-топ: тұрғындар және жылумен қамтамасыз етуші кәсіпорындар	103,28	78,72	-23,8
	2-топ: мемлекеттік ұйымдар	459,13	459,13	
	3-топ: 1,2 топқа кірмейтін басқа тұтынушылар	351,51	316,07	-10,1
Сарқынды бұру қызметтеріне				
2	Шымкент қаласы	98,07	87,56	-10,7
	1-топ: тұрғындар және жылумен қамтамасыз етуші кәсіпорындар	41,52	31,37	-24,4
	2-топ: мемлекеттік ұйымдар	238,27	238,27	
	3-топ: 1,2 топқа кірмейтін басқа тұтынушылар	178,82	161,14	-9,9

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 Жарлығына сәйкес төтенше жағдай жариялануына байланысты «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШСі 1-топ: тұрғындар және жылумен қамтамасыз етуші кәсіп орындарға суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суларды бұру қызметтерін 2020 жылдың 1 сәуірінен бастап төтенше жағдайдың аяқталуына дейін 1 м³ тарифін 5%ға төмендетті:

№	Топтар санаттары	Суды таратушы желілер арқылы беру қызметі, теңге		Сарқынды суларды бұру қызметі, теңге	
		ҚҚС-сыз	ҚҚС-мен	ҚҚС-сыз	ҚҚС-мен
1	1-топ: тұрғындар және жылумен қамтамасыз етуші кәсіпорындар	74,78	83,75	29,80	33,38
2	Есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суларды бұру қызметіне 1 айға 1 адамға	363,43	407,04	144,83	162,21
3	Есепке алу аспаптары жоқ ыстық суды пайдаланатын тұтынушылар үшін сарқынды суларды бұру қызметіне 1 айға 1 адамға	-	-	95,96	107,48